

**8D01401(6D010800) – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Балтина Алтынай Сапаровнаның «13-15 жастағы жасөспірім
дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру» тақырыбындағы
диссертациясына ғылыми кеңесшінің**

ШҚІРІ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасында спорт саласының дамуы халықтың дене белсенділігін арттыру, жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және елдің халықаралық спорт аренасындағы беделін күшейту бағытында жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Соңғы жылдары жекпе-жек спорт түрлерінің ішінде дзюдо ерекше қарқынмен дамып, бұқаралық спорттың кең таралған бағыттарының біріне айналды. Дзюдо – тәртіп пен төзімділікті, тактикалық ойлау қабілетін, ерік-жігерді және өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыратын жан-жақты спорт түрі. Сондықтан оның қоғамдағы әлеуметтік маңызы да айрықша.

Қазіргі таңда Қазақстанның барлық өңірлерінде дзюдо секциялары мен спорт мектептері белсенді жұмыс істейді, ал жыл сайын жаңа клубтардың ашылуы бұл спортқа деген қызығушылықтың артып келе жатқанын дәлелдейді. Соңғы ресми деректерге сәйкес, елімізде 87 мыңнан астам адам дзюдомен жүйелі түрде шұғылданады. Спортшылар санының өсуі, өңірлік федерациялардың нәтижелі жұмысы және халықаралық жарыстардағы табыстар дзюдоның ұлттық спорт жүйесінде орны беки түскенін көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстан дзюдо федерациясының жақсы жұмыс жасауы, жаттықтырушылар құрамының кәсібилігінің артуы, спорт инфрақұрылымының жақсаруы – аталған спорт түрінің тұрақты әрі жүйелі дамуына ықпал етуде. Бүгінде қазақстандық дзюдошылар Азия чемпионаттарында, әлемдік Гран-при турнирлерінде, дүние жүзі чемпионаттарында және Олимпиада ойындарында тұрақты түрде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Зерттелу мәселелерінің қазіргі күйі 13–15 жастағы жасөспірім дзюдошылардың оқу-жаттығу үрдісін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың өзектілігін айқындап, осы бағытты зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

13–15 жас кезеңі дзюдо спортында ерекше маңызға ие жас ерекшелік аралығы болып табылады. Бұл уақытта спортшының техникалық-тактикалық дайындығының іргетасы қаланып, қимыл-қозғалыс аппараты айтарлықтай дамып, морфофункционалдық өзгерістер белсенді жүреді. Сонымен қатар, осы кезең жасөспірімдердің психикалық және тұлғалық дамуының қарқындылығымен сипатталады. Ғылыми еңбектерде дәл осы жаста қозғалыс үйлесімділігі, жылдамдық-күш қабілеттері, тепе-теңдік және кеңістіктік бағдарлау дағдыларының ең тиімді қарқынмен дамитыны анықталған. Бұл көрсеткіштер күрделі техникалық-тактикалық әрекеттерді меңгерудің негізгі шарттарының бірі болып саналады.

Жасөспірім кезеңі дзюдода спорттық шеберліктің қалыптасуының шешуші сатысы болғанымен, 13–15 жастағы спортшыларға арналған оқу-жаттығу процесін ғылыми негізде ұйымдастыру мәселелері толыққанды зерттелмеген. Осыған байланысты докторант ұсынған тақырып – жас ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқу-жаттығу бағдарламаларын әзірлеу және қазіргі заманғы спорттық даярлық жүйесін жетілдіру тұрғысынан ерекше өзектілікке ие.

Диссертация құрылымының қысқаша сипаттамасы және ерекшеліктері. Диссертациялық жұмыс кіріспе, бірнеше теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады, қорытынды және ұсыныстармен аяқталады. Теориялық бөлімде жасөспірім дзюдошыларды даярлаудың психофизиологиялық, педагогикалық және методикалық аспектілері қарастырылған. Практикалық бөлімде зерттеу әдістері мен оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыруға арналған бағдарламалар ұсынылған. Ерекшелігі – жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-жаттығу үдерісін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға арналған кешенді ұсыныстар берілуінде.

Ізденушінің нәтижелерді алуға жеке үлесінің мәні диссертация тақырыбы бойынша ғылыми философиялық, педагогикалық, психологиялық және арнайы әдебиеттерге терең талдау жасап, жүйелеуде; айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттерін алдын ала жоспарлап, тиімді ұйымдастырып, жүргізуде; диагностикалық зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеуден өткізуде, зерттеу нәтижелерін Қазақстан республикасының ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus халықаралық базасына енген шет елдік басылымда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинақтарында жариялануында көрініс табады.

ҚР ҒжЖБМ философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын талаптары шеңберінде автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері.

1. 13–15 жастағы жасөспірім дзюдошылардың техникалық-тактикалық даярлығының тиімділігіне ықпал ететін факторлар кешені анықталып, оқу-жаттығу үдерісін жетілдіру қажеттілігі теориялық тұрғыдан негізделді. Зерттеу барысында жасөспірім спортшылардың морфофункционалдық даму ерекшеліктері, қимыл үйлесімділігі, жылдамдық-күш қабілеттерінің динамикасы, психологиялық тұрақтылық пен тактикалық ойлау деңгейі техникалық-тактикалық шеберлікке тікелей әсер ететін негізгі факторлар ретінде айқындалды. Ғылыми әдебиеттерге талдау оқу-жаттығу үдерісін жас ерекшелігіне сай оңтайландырудың өзектілігін дәлелдеді.

2. Жасөспірім дзюдошылардың техникалық-тактикалық даярлығында қолданылатын және ұсынылатын тәсілдердің оқу-жаттығу үдерісіндегі өзара әрекеттесу ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу нәтижесінде техника үйрету әдістері, тактикалық ойлауды дамыту жаттығулары, жұптық және жарыстық жағдайға жақындатылған тапсырмалардың тиімді үйлесімдері белгіленді. Тәсілдердің өзара байланысы – кезеңдік жүктеме беру, қозғалыс

дағдыларының тұрақтылығы және жарысқа бейімделу деңгейімен интеграцияланып, интегративті әдістемелік жүйе ретінде сипатталды.

3. Спорттық мамандану кезеңіндегі 13–15 жастағы жасөспірім дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісінің педагогикалық аспектілері анықталды. Оларға: оқу-жаттығуды жоспарлаудың кезеңдік құрылымы, жеке дараландыру принципі, техника мен тактиканы ұштастыра оқыту, жүктеме көлемі мен қарқындылығын басқару, педагогикалық бақылау және кері байланыс механизмдері кірді. Бұл аспектілер жасөспірімдердің физиологиялық даму қарқыны мен психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ғылыми негізделді.

4. 13–15 жастағы жасөспірім дзюдошылардың техникалық-тактикалық даярлық үдерісін ұйымдастырудың авторлық бағдарламасы әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік тұрғыдан дәлелденді. Бағдарлама жылдық циклға бағыттталып, техникалық дағдыларды жетілдіру, тактикалық ойлауды дамыту, дене дайындығын арттыру және жарыс жағдайына бейімдеу бөлімдерінен құрылды. Педагогикалық эксперимент қорытындылары бағдарламаға қатысқан спортшыларда техникалық әрекеттердің дәлдігі мен тұрақтылығының, тактикалық шешім қабылдау жылдамдығының, қимыл үйлесімділігі мен жылдамдық-күш қасиеттерінің статистикалық тұрғыда жоғарылағанын көрсетті.

Ғылыми нәтижелердің негізділігі, шынайылық дәрежесі және жаңалығы.

Докторанттың ұсыныстары эксперименттік зерттеулерге, әдеби деректерге және қазіргі спорттық тәжірибеге сүйенген. Ғылыми жаңалығы – жасөспірім дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға арналған кешенді, әдістемелік тұрғыдан негізделген бағдарлама ұсынуында. Бұл бағдарлама физикалық, техникалық, тактикалық және психологиялық дайындық аспектілерін біріктіреді.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Докторант А.С. Балтина докторлық зерттеу аясында жасөспірім дзюдошыларды даярлайтын спорт мектептері мен клубтарда, сондай-ақ жаттықтырушылар мен педагогтерге арналған оқу-әдістемелік құрал даярлап, оны біренеше балалар мен жасөспірім мектептері мен спорт интернаттарының оқу-жаттығу үдерісіне енгізді. Практикалық ұсыныстар оқу-жаттығу үдерісінің тиімділігін арттыруға, жарақат алу қауіпін азайтуға және спортшының жалпы даму деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Докторлық жұмыстың «8D01401(6D010800) - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға қойылатын ҚР ҒЖЖБМ талаптарына сәйкестігі.

А.С.Балтинаның докторлық диссертациясы өз бетінше жазылған, жаңадан алынған ғылыми нәтижелері бар зерттеу болып табылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынымдарына сәйкес ғылыми жарияланымда көрініс тапқан.

Зерттеудің өзектілігі, жаңашылдығы, алынған теориялық және практикалық нәтижелер негізінде **Балтина Алтынай Сапаровна «13-15 жастағы жасөспірім дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру»** тақырыбындағы жұмысы 8D01401(6D010800) - Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға сәйкес келеді.

Докторант **А.С.Балтинаның** диссертациялық жұмысы «8D01401(6D010800) - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ашық қорғауға ұсынуға лайық деп санаймыз.

Ғылыми кеңесші:

PhD докторы, қауымдастырылған профессор



Т.Б. Искаков

18.12.2025 ж.